

Келісемін
«Ақмола облысының»
басқармасының Зеренді ауданы
бойынша білім бөлімі»
басшысы А.С.Искакова
« 29 » 08 2023 жыл



Бекітемін
«Ақмола облысының» білім
басқармасының Зеренді ауданы
бойынша білім бөлімі «Жолдыбай
ауылының негізгі орта мектебі» КММ
директоры А.Б.Жишов
« 29 » 08 2023 жыл



Тексерілді
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары Б.З.Кыдырбеков
« 29 » 08 2023 жыл

Қарастырылды
ҚГПБ жетекшісі А.С.Искакова
Хаттама № 1
« 29 » 08 2023 жыл

Негізгі орта білім беру деңгейінің 4-сыныбына арналған

«Логикалық математика» факультатив сабағының

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Мектеп: «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі»КММ

Мұғалім: Қыдырбекова Н.Қ.

Сағат саны: барлығы -34 сағат, аптасына – 1 сағат

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жаңа өзгерістер әлемдік тәжірибелерді пайдалана отырып, баланың жеке дара қабілеттерінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа жобаны іздестіру және оны тиімді қолдануға бағытталған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымы екендігі атап көрсетілген.

Президент соңғы жылдардағы білім беру саласын жақсарудағы қатаң талабында «Бізге экономикалық қоғамдық жанару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру қажет», - деп көрсетіледі. Ал білім беруді жанарту бір-бірімен тығыз байланысты, әрі өзара шарттас екі қағидамен сипатталады: біріншіден, әлеуметтік ортаның терең демократиялығы; екіншіден, тұлғаның тұтастай дамуына бағыттылығы.

Бүгінгі таңда білім беру саласында білім алушыларға көп мөлшерде білім беру, олардың сол білімді қолдана алуына ерекше назар аударылып отыр. Білімдік парадигманың мұндай үстемдігі білім алушының өзін-өзі іске қосушы, өзін-өзі белсендіруші сезімдері мен өзіне қатысты білім жүйесінен тысқары қалып қоюына әкелуде. Әсіресе бастауыш сынып білім алушыларына пәндер бойынша берілетін ақпараттардың көбеюі оларға қоршаған әлемнің бейнесін, сол әлемдегі өз бейнелерін сезінуге мұрсат бере бермейді.

Сондықтан елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, білім алушылардың шығармашылық потенциалын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Осыған орай сіздерге «Логикалық математика» оқу-әдістемелік кешенін ұсынамыз.

Аталған кешен мынандай қағидаларды ұстанады:

* жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;

* коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға тәрбиелеу, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

* білім алушылардың логикалық ойлау, қабылдау, түйсіну әрекеттерін жетілдіру;

* әрбір оқушының жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы оның интеллектін байыту, дүниетанымын тереңдету, ой-өрісін дамыту;

* білім алушылардың өзін-өзі тану қабілетін дамытуға жағдай жасау.

«Логикалық математика» оқу-әдістемелік кешенінде есепті шығарудың әртүрлі тәсілдері; математикалық диктант түрлері; геометриялық фигуралармен жұмыс жасаудың тиімді жолдары; логикалық, құзыреттілік тапсырмалары; алған білімдерін бақылау мақсатында тест және жылдамдыққа берілген өзін және өзгені тексеру тапсырмалары қарастырылған. Сонымен қатар тапсырмалар жүйесі қарапайымнан күрделіге көшу ұстанымында жасалған.

«Логикалық математика» бағдарламасы 4-сыныпта келесі бөлімдерден тұрады:

4-сыныпта:

I-тарау «Сандар және шамалар»

II-тарау «Үлестер мен бөлшектер»

III-тарау «Геометрия»

IV-тарау «Қозғалысқа байланысты есептер»

V-тарау «Математикалық ойлау есептері»

Логикалық математика бағдарламасы 4 – сыныпқа 34 сағатқа арналып жасалған

Таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері

«Логикалық математика» - математика пәнінен оқу- тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзіндік көрінісі, дербес түрі. Бұл пән ең алдымен білім алушылардың математикалық білім, білік және дағдылардың жүйесімен қаруландырып, түйінді құзыреттерін қалыптастырады.

Мақсаты:

Білім алушылардың математикалық білімін тереңдету мен өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымын қамтамасыз етуде қажетті ресурстарды қалыптастыру.

Міндеттері:


- проблемаларды шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттері дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушыларға бейіндік оқу шеңберіндегі пәндерді таңдауда білім алу әрекетінің ынталық деңгейін арттыру;
- оқу әрекетінің формаларын даралау, білім алушылардың өнімді және қайталама әрекетін ұштастыру және өз бетінше жұмыс істеу, оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру;
- білім алушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру бағытында математика элементтерін тиімді пайдалану;
- түрлі құзыреттілік және логикалық тапсырмаларды шешу арқылы білім алушыларды өзін-өзі ашуға, өзіндік дамуға және тез өзгеретін өмірде өздігінен дұрыс әрі жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болатын жеке тұлғаны әлеуметтендіру;
- әр сабақ барысында денсаулық сақтауға бағытталған жаттығуларды тиімді пайдалану;
- оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша білім алушылардың өзіне-өзі ұдайы талдау жасауына, өзіне баға беруіне жағдай жасау.


Нәтижесі: білімі терең, дені сау, өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымы қалыптасқан тұлға.


Пәнге қойылатын талаптар:


- Психологиялық, гигиеналық және педагогикалық талаптар ескерілуі тиіс;
- Пәннің мақсаты комплексті түрде ескеруі тиіс;
- Пәнде қарастырылатын оқу материалы сабақтың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық және тәжірибелік тұрғыдан анықталған нақты мақсаттарды шешуге бағытталуы тиіс;
- Оқытуды ұйымдастырудың тиімді формасы таңдап алынуы керек, яғни бүкіл сыныппен, жекеленген білім алушылармен немесе олардың топтарымен орындалатын жұмыстар үйлесімді болуы тиіс;
- Сабақ үстінде өзіндік жұмыстың орындалуы және оған ұсынылатын тапсырмалар әр білім алушы дайындығының деңгейіне сәйкес болуы және денсаулығын сақтауға бағытталуы тиіс.


Тапсырмаларды орындау барысында мынандай шартты белгілер қолданылады:

 -өздік жұмыс;

 - шығармашылық жұмыс;

 - жаңа ұғым және онымен байланысты жаттығу;

 - қайталауға арналған жаттығу;

 - логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған жаттығу.

Пәнді меңгеру бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері

- сан және цифр ұғымдарын ажыратады;
- сандарды оқиды, жазады, салыстырады;
- әрбір арифметикалық амалдың мән-мағынасын түсіндіреді;
- амалдардың компоненттері мен нәтижелерінің атауларын біледі;
- бір және екі таңбалы сандарды қосу кестесін құрастырады, оларды азайтуға сәйкес жағдайларында қолданады;
- кестелік және оған келтірілетін жағдайларда төрт арифметикалық амалды ауызша орындайды;
- орындалған амалдың дұрыстығын тексереді;
- математикалық жаттығулардың ерекше түрі ретіндегі «есеп», «кері есеп» ұғымдарының мән-мағынасын түсінеді;
- заттың өлшемі, түсі мен формасын бөліп көрсетеді;
- қоршаған ортадағы заттардың және құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін шамаларды өлшеу тәсілдерін түсіндіреді;
- заттардың және құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін шамалардың сандық мәндерін (ұзындық, масса, уақыт, аудан,) көрсетіп береді;
- шамаларды өлшеу бірліктерін, біртекті шамалар бірліктерінің арасындағы негізгі арақатысты біледі;
- біртекті шамалар мәндерімен 4 арифметикалық амалды орындайды;
- шама мәнінің үлесін және үлесі бойынша шаманың мәнін түсінеді, есептейді;
- фигуралардың периметрін есептеп табады;
- 2-3 амалдан тұратын санды өрнек пен әріпті өрнектерді құрады, жазады және оқиды, олардың мәндерін табады;
- санды өрнек, теңдік және теңсіздіктерді, әріпті өрнектер, теңдеулерді ажыратады;
- есепті шешу әдістері мен есептеудің тиімді тәсілдерін таңдайды және негіздейді;
- қарапайым және құрылымы күрделі теңдеулер құрады және шешеді;
- 2-3 амалдан тұратын есептерді әр түрлі тәсіл арқылы шешеді;
- геометриялық фигураларды ажыратады және атайды;
- берілген белгілері бойынша фигураларды салыстырады және жіктейді;
- көрсетілген үлгі бойынша бөліктерден фигура құрастырады және оны бөліктерге бөледі;
- қоршаған ортадан пішіні таныс заттарды таба алады;
- берілген қарапайым математикалық модельдер бойынша есептер құрастырады;
- қарапайым пікірлер мен ой қорытуларды құруда математикалық логика элементтерін пайдаланады;
- суреттерді, сызбаларды оқиды;
- жинақталған ақпаратты ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен құрудың, оңдеудің тәсілдерін меңгереді;
- ақпаратты әртүрлі әдістермен көрсетуге, тасымалдауды қолданады;
- құзыреттілік тапсырмаларды өз бетінше орындайды, талдайды.

«Логикалық математика» пәнінің оқу-тақырыптық жоспары
 4-сынып
 (Барлығы 34 сағат, аптасына 1сағат)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
I – тарау			
Көп таңбалы сандардың құпиясы			
1	Көп таңбалы сандарды оқу разрядтарға кластарға талдау	1	
2	Көп таңбалы сандарды қосу және азайту	1	
3	Көп таңбалы сандарды салыстыру	1	
4	Сурет бойынша есептер шығару	1	
5	Теңдеулер сыйқыры	1	
6	Логикалық есепте	1	
7	Тест	1	
II- тарау			
Көбейту мен бөлудің сиқыры			
8	Екі таңбалы санды екі таңбалы санға көбейту және бөлу.	1	
9	Екі таңбалы санды екі таңбалы санға көбейту және бөлу.	1	
10	Үш таңбалы санды санға көбейту және бөлу	1	
11	Үш таңбалы санды санға көбейту және бөлу	1	
12	Дұрыс және бұрыс бөлшектер	1	
13	Дұрыс және бұрыс бөлшектер	1	
14	Логикалық есептер	1	
15	Тест	1	
III- тарау			
Қозғалысқа байланысты есептер сиқыры			
16	Жылдамдық уақыт қашықтық	1	
17	Бір- біріне карама – қарсы қозғалыстағы есептер	1	
18	Бір бағыттағы есептер	1	
19	Бір – бірінен карама – қарсы қозғалыстағы есептер	1	
20	Логикалық есептер	1	
21	Шығармашылық тапсырмалар	1	
22	Шығармашылық тапсырмалар	1	
23	Тест	1	
IV-тарау			
Геометриялық есептер			
24	Тік төртбұрыштың ауданын периметрін тап	1	
25	Шаршының периметрін ауданын тап	1	
26	Фигуралардың көлемін табу	1	
27	Тікбұрышты үшбұрыштың ауданының	1	
28	Алтыбұрыштың периметрін табу	1	
29	Есептер шығару	1	
30	Қалдықпен бөлу	1	
31	Теңдіктер мен теңсіздіктер	1	
32	Логикалық есептер	1	
33	Тест	1	
34	Жылдық білімін бекіту	1	

Пайдаланган әдебиеттер тізімі:

1. Баитова М.А., Бельтюкова Г.В. «Математика» Москва «Просвещение»1990 -105 бет.
2. Глушкова О.Б., Черепенко В.А., аударған Лекерова Ф.С. Оқушы анықтамалығы- Алматы «Атамұра» -2006 жыл, ЖШС,2007-640 бет.
3. Жикалкина Т.К. «Математика пәніне арналған ойындар және тапсырмалар» Москва «Просвещения»
4. Идилова Т.С. «Логика» Алматы «Алматыкітап»-2000ж,105 бет
5. Идилова Т. «Логикалық есептер» Алматы: «Алматыкітап» 2000ж,143бет.
6. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. Астана -2007 жыл.
7. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептегі білім мазмұның тұжырымдамасы- Алматы: Республикалық Баспа кабинеті -1995жыл
8. Қосанов Б.М. Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар орындау технологиясы.
9. Линник Р.Р. аударған Байтан А. «Математика пәні бойынша тест тапсырмалары жинағы» 1-4сынып Көкшетау: «Келешек -2030»-2008жыл-151бет.
10. Лысенкова С.Н. Я читаю. Я считаю. Я пишу. Как учить школьника –Москва «Просвещения»-1985-144 стр.
11. Лысенкова С.Н. «Методом опережающего обучения» Москва «Просвещения»1988г-192 ст.
12. Математикалық дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар Алматы «Атамұра»1997 жыл-162 бет
13. Моро М.И., Вапняр Н.Ф. «Математикалық тапсырмалар мен ойындар жазылған карточкалар» Алматы «Мектеп»1989-115бет
14. Моро М.И., Вапняр Н.Ф. «Математикалық тапсырмалар» Алматы «Мектеп»-1990-128бет.
15. Оспанов Т.Қ., Қайыңбаев Ж.Т., Қосанов Б.М., Ершова Қ.Ә. «Математика оқыту әдістемесі» Жалпы білім беретін мектептің 4 сыныпқа арналған. Алматы «Атамұра» 2000жыл, 144бет.
16. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Қайыңбаев Ж.Т., Ершова К.Ә. «Математика оқулығы» Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра»-2002ж., 208 бет.
17. Оспанов Т.К., Мақұлбекұлы Қ.Б. «Математика дидактикалық материал» Алматы
18. Өміртаева Р.Қ. «Математикаға арналған дидактикалық материалдар» Алматы «Атамұра» 2000 жыл -163 бет.